ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР «АЯЛА» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

БҰЙРЫҚ

Тараз қаласы **№104-Ө** 24.12.2025 жыл

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдесіндегі 106-VIII Заңының 16-бабының 3-тармағы 1, 2, 8, 28, 31, 35-тармақшасына және ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 599 Конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы бұйрығына сәйкес (әрі қарай – Заң) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Коммуналдық қызметтерге (электр, жылу энергиясы, суық су және кәріз) қызметтеріне Заңның 16 бабы 3 тармағының 1 тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;
2. Сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын Заңның 16 бабы 3 тармағының 2 тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;
3. Өзге де сақтандыру түрлерін қоспағанда, медицина қызметкерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру жөнінде көрсетілетін қызметті қоса алғанда, халықаралық рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алу Заңның 16 бабы 3 тармағының 8 тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;
4. Егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Заңның 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасы негізінде

тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;

5. Монополияға қарсы органның тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу Заңның 16 бабы 3 тармағының 31 тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;
6. Егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса Заңның 16 бабы 3 тармағының 35 тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын;
7. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.
9. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бас дәрігер **А.А.Кабдрахимова**